

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫЛАРЫНА ҚЫЗМЕТ  
ӨТКЕРГЕН ЖЫЛДАРЫ ҮШІН ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1994 жылғы 29 наурыз N 305. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қосылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару  
органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына қызмет өткерген  
жылдары үшін үстемақы төлеу тәртібі туралы Ереже;  
қызметкерлерінің қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы алуға құқығы бар  
мемлекеттік басқару органдарының тізімі қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы 1994 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 наурыздағы  
N 305 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару  
органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына қызмет  
өткерген жылдары үшін үстемақы төлеу тәртібі туралы  
Е Р Е Ж Е

Осы Ереже Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару орғанда  
қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына қызмет өткерген жылдары үшін ай  
сайынғы үстемақы төлеу тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық  
жалақыларына қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы N 1-2 қосымшаларға  
сәйкес жұмыс стажына байланысты төленеді.

Үстемақы айына бір рет төленеді.

Қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы алу

құқығын беретін жұмыс стажын есептеу

1. Қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстемақы алу құқығын беретін мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыс стажына, басқару деңгейі мен атқарған лауазымына қарамастан, мемлекеттік басқару органдарында үзіліссіз жұмыс істеген уақытының бәрі қосылады.

Жұмыс стажы жыл сайын тиісті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша е с е п т е л і н е д і .

2. Қызмет өткерген жылдары үшін лауазымдық жалақысына үстемақы алу құқығын беретін жұмыс стажына сондай-ақ;

офицерлер құрамындағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың және мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде (Армияда, Республикалық ұланда, ішкі, шекара және темір жол әскерлерінде) міндетті әскери қызметте болған уақыты;

қызметшілердің ҰҚК, Ішкіісмині органдарында, соттар мен прокуратурада жұмыс істеген уақыты;

мемлекеттік басқару органдарымен еңбек қатынастарында болған әйелдерге - бала бір жарым жасқа толғанға дейін оны бағып-күту жөнінде берілетін ақысы ішінара төленетін демалыс болу және бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күту жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс болу уақыты;

егер оны бітіргеннен кейін жолдама беріліп, мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеумен жалғасса, жоғары немесе арнаулы оқу орнында оқыған уақыты;

егер шет елге жіберілер алдында қызметші мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеп, шет елден қайтып оралғаннан кейін, жолда болу уақытын есептемегенде, екі айдың ішінде мемлекеттік басқару органдарында жұмысқа тұрса, шет елде жұмыс істеген уақыты;

1992 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты;

қызметшіні мемлекеттік басқару органдарына қызметке жоғарылату, тағайындау немесе бекіту тәртібімен ауыстырғанда мемлекеттік кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде мемлекеттік басқару органдарындағы басшы қызметтерде банк ұйымдарына және мемлекеттік сақтандыруда, мамандығымен тектес мамандық бойынша қызметтерде жұмыс істеген уақыты қосылады.

Ескерту. 2-тармақтың 8 абзацына өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1994 ж. 21 желтоқсандағы N 1427 қаулысымен.

3. Мынадай жағдайларда қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы алу құқығын беретін жұмыс стажы үзілмейді, бірақ үзіліс уақыты:

қызметкер әскери қызметке шақырылғанға дейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеп, запасқа шығарылғаннан кейін мемлекеттік басқару

органдарына, жолда болу уақытын есептемегенде, 3 ай ішінде қайтып оралса, мерзімді шұғыл әскери қызметте болуы;

егер қызметкер курсқа оқуға түскенге дейін мемлекеттік басқару органдарында жұмыс істеп оны бітірген соң мемлекеттік басқару органына қайта оралса, жұмыстан қол үзіп, кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі курста оқығаны;

егер қызметші ол ұйымдарға дейін мемлекеттік басқару органдарында болып, бір ай ішінде мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа орналасса, мемлекеттік басқару органдарының жүйесіне жатпайтын ұйымдардағы жұмысы;

егер қызметші халық шаруашылығына жұмысқа тұрғанға дейін мемлекеттік басқару органдарында, партия, кәсіподақ, совет және комсомол органдарында жұмыс істеп, бір ай ішінде мемлекеттік басқару органдарына жұмысқа тұрса, қызметшілердің халық шаруашылығы кәсіпорындарындағы, ұйымдары мен мекемелеріндегі жұмысы бұл стажға қосылмайды.

Қызмет өткерген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемақыны есептеу және төлеу тәртібі

1. Қызметкердің лауазымдық жалақысына қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстемақыны есептегенде үстемақы мен қосымша ақының барлық түрлері ескерілмейді.

2. Күнтізбелік ай ішінде қызмет өткерген жылдары үшін алатын үстемақының мөлшерін арттыру құқығы пайда болған қызметкерлерге бір айдағы үстемақының жалпы сомасы ай кезеңдері бойынша тиісті мөлшерде есептелген үстемақыларды қосу жолымен белгіленеді. Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақы өзгерген жағдайда қызмет өткерген жылдары үшін берілетін үстемақының сомасы осы тәртіппен белгіленеді.

3. Қызмет өткерген жылдары үшін берілетін проценттік үстемақы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерге сақталатын орташа жалақыны есептеген кезде (демалыста болу, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау уақыты үшін, уақытша еңбекке жарамсыз болған кезеңдер үшін, мемлекеттік зейнетақы тағайындағанда және басқа жағдайларда) ескеріледі.

4. Қызмет өткерген жылдарына проценттік үстемақы төлеу үшін жұмыс стажын еңбек стажын анықтау жөніндегі комиссия белгілейді.

Комиссияның құрамын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органының басшысы бекітеді.

5. Жұмыс стажын анықтау үшін қажетті негізгі құжат еңбек кітапшасы болып табылады. Еңбек кітапшасы болмағанда, сондай-ақ еңбек кітапшасында жұмыс істеген кезеңдері туралы қажетті жазулар болмағанда, қате немесе анық емес

жазулар жазылған жағдайда еңбек стажын растау ретінде анықтамалар, бұйрықтардың көшірмелері, жалақы беру жөніндегі жеке шоттар мен ведомостар және жұмыс кезеңдері туралы мәліметтер бар өтпе де құжаттар қабылданады. Қызмет өткерген жылдары үшін проценттік үстемақы алу құқығын беретін жұмыс стажын куәгерлер айғақтарымен растау заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жұмыс стажын анықтау туралы комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

Шешімнің көшірмесі екі дана өтіп жасалып, бір данасы - бухгалтерияға, екіншісі - кадр бөліміне беріледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 наурыздағы  
N 305 қаулысымен бекітілген  
Ережеге  
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Баға комитеті, облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдерінің аппараттары, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі, Экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті қызметкерлеріне қызмет өткерген

жылдары үшін лауазымдық жалақыларына қосылатын үстемақының

МӨЛШЕРІ

Ескерту. 1-ші қосымшаның тақырыбы толықтырылды - ҚРМК-нің  
1995.09. N 1244 қаулысымен.

-----  
Қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы ! Айлық лауазымдық жалақысына  
алу құқығын беретін жұмыс стажы ! қосылатын үстемақының мөлшері,  
мынадай болғанда ! процентпен  
-----

3 жылдан 5 жылға дейін	10
5 жылдан 10 жылға дейін	20
10 жылдан 15 жылға дейін	30
15 жылдан жоғары	40

-----

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 наурыздағы  
N 305 қаулысымен бекітілген  
Ережеге  
N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару  
органдарының қызметкерлеріне қызмет өткерген  
жылдары үшін лауазымдық жалақыларына қосылатын  
үстемақының

**МӨЛШЕРІ**

-----  
Қызмет өткерген жылдары үшін үстемақы ! Айлық лауазымдық жалақысына  
алу құқығын беретін жұмыс стажы ! қосылатын үстемақының мөлшері,  
мынадай болғанда ! процентпен  
-----

3 жылдан 5 жылға дейін	10
------------------------	----

5 жылдан 10 жылға дейін	15
10 жылдан 15 жылға дейін	20
15 жылдан 20 жылға дейін	25
20 жылдан жоғары	30

---

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 наурыздағы  
N 305 қаулысына  
қосымша

Қызметкерлерінің қызмет өткерген жылдары үшін  
үстемақы алуға құқығы бар Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік басқару органдарының

ТІЗІМІ

Министрліктер мен мемлекеттік комитеттер

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы комитеттер

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Бас басқармалар

Елшіліктер

Қазақстан Республикасының агенттіктері

Ұлттық патент ведомствосы

Мемлекеттік "Қазақстан" теле-радио хабарларын тарату  
компаниясы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Қазақстан Республикасының Жоғары  
аттестациялық комиссиясы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
жекешелендіру қоры

Министрліктер мен ведомстволар жанындағы бас  
басқармалар, комитеттер, департаменттер

Министрліктер мен ведомстволардың жергілікті  
жерлердегі дербес бөлімдері, басқармалары мен  
комитеттері

Жергілікті әкімшіліктер

Жергілікті әкімшіліктердің бөлімдері, басқармалары  
мен комитеттері

"Сауда өкілдіктері

"Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы  
Емдеу-сауықтыру бірлестігі /орталық аппараты/

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпараттық  
қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия";